- біздің Компания Сайт пайдаланушыларының алдында өзіне мойындаған міндеттемелерді Сайт және оның сервистерінің көмегімен жасалған шарттарды тиісті түрінде орындауды қамтамасыз ету.

Біз қандай дербес деректерді жинаймыз?

Сіз Сайтқа және оның сервистеріне қолжетімділікті алу, ал кейін біз тапсырысты қамтамасыз ету және сізге тауарды жіберу үшін бізге білу керек:

- Сіздің Тегіңізді және Атыңызды (Сізді қалай атауға және тапсырыстарды кімнің атына жіберуге болады);
- Сіздің телефоныңызды;
- Сіздің электронды поштаңызды;
- Жеткізу мекенжайын.

Олар бізге Сізбен байланысу, Сайттағы авторизациядан өту, қажет болған кезде аккаунтқа қолжетімділікті қалпына келтіру үшін қажет. Сонымен қатар, олар біз Сізге сатып алған тауарлар мен қызметтер үшін кассалық чектерді жіберу үшін, Сіз сатып алған тауар беру пунктіне келген кезде Сізбен байланысу үшін қажет;

Сайттың жедел ұсыныстарын білу туралы Сіздің қалауыңыз болған жағдайда және Сіздің алдын ала келісіміңізбен біз сізге ұсынылатын тауарлар туралы хабарламаларды жібере аламыз.

- Сіздің ник-нейміңіз (логин) – бұл Сайтта тіркелген кезде көрсетілген лақап атыңыз болады. Ол бізге Сізді Сайттың басқа пайдаланушыларының арасынан көру үшін керек.
- Сіздің құпиясөзіңіз (Сайтта тіркелген кезде көрсетілген). Ол Сізге Сайтқа және оның сервистеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Сіздің дербес деректеріңізді және сатып алу тарихыңызды үшінші тұлғалардан қауіпсіздендіру үшін керек.

Оқиғаларды болдырмау үшін Өзіңіздің логин мен құпиясөзіңізді үшінші тұлғаларға көрсетпей ұстаңыз.

Егер Сіз олар біреуге мәлім болғанын сезіктенсеңіз, біздің техникалық қолдау қызметіне хабарлаңыз.



Біз көрсеткен деректер Сайтқа және оның сервистеріне қолжетімділікті алу, тауарларды сатып алу және оларды алу үшін жеткілікті болады.

Заңмен қарастырылған жағдайларда немесе оқиға туындаған кезде біз Сізден қосымша дербес деректеріңізді (мысалы, жазбаша түрінде жауап дайындау немесе төлем қайтаруды жасау үшін) сұрауымыз мүмкін.

#### **Компания пайдаланылатын дербес деректерді Компаниямен жинаудың мақсаттары:**

- Сайт немесе оның серверлерінің пайдаланушысы, өзі бір тарабы немесе соның пайда алушысы (тауар алушысы) болып табылатын шарт(тарды)ты, үшінші тұлғалармен жасалған шарттарды қоса (Сіз тапсырысқа берген тауарларды сатып алу, оның сапасын тексеру, сақтау және беру, сондай-ақ төлемдерді қабылдау мақсатында) орындау;

- қолжетімділікті қалпына келтіру және пайдаланушылардың сұранысы бойынша есептік деректерді өзгерту жағдайларын қоса, Сайттағы пайдаланушыларды тексеру;

- төлеу туралы құжаттарды жолдау;
- ықтимал тартысты жағдайларды шешу;
- қызмет көрсету сапасын жақсарту;
- статикалық зерттеулерді жүргізу;
- Компаниямен байланысты қамтамасыз ету;
- пайдаланушының қалауы бойынша жарнама ақпаратын жолдау;
- Компанияның құқықтық тәуекелдерін барынша азайту.

#### **Компания қолданылатын өңдеу тәсілдері:**

автоматтандыру құралдарын пайдалану арқылы;

автоматтандыру құралдарын пайдаланбай;

Компания дербес деректердің ерекше санаттарына өңдеу жүргізбейді.

#### **Дербес деректерді өңдеу үшін Келісім. Келісім алу.**

Сайтта тіркеу (қайта тіркеу) барысында жеке кабинетте жұмысты бастар алдында Сайт пайдаланушысы оның дербес деректерін беру туралы шешім қабылдайды және оларды өңдеу үшін еркін, өз еркімен және өз мүддесінде Келісім береді.

Дербес деректерді өңдеу үшін Келісім нақты, ақпараттандырылған және саналы болуы тиіс. Келісімді алу осы Саясатта көрсетілген деректерді Келісім нысанының өрістеріне автоматты енгізу, сондай-ақ пайдаланушыны телефон нөмірі бойынша және электронды поштаның мекенжайы бойынша сәйкестендіру жолымен тіркеу өрісінде тиісті пернені басқаннан кейін жүзеге асырылады. Пайдаланушы Компанияға Келісімді бермеген жағдайда бұл автоматты түрде Сайтта тіркеуді (қайта тіркеуді) жалғастыру мүмкінсіздігіне және, нәтижесінде, Сайтты және онымен ұсынылатын сервистерді кейін пайдалану мүмкінсіздігіне әкеп соқтырады, себебі Компания шарттардың талаптарын (соның ішінде төлемдерді қабылдау, тауарды жіберу), заңды бұзбай, орындауды жалғастыра алмайды.

Компания Келісімді алу үшін қолданыстағы заңнамаға қарсы болмайтын басқа тәсілдерді енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Компания, оның қызметкерлері және сатып алу, тасымалдау, сапа тексеру және беру үдерісіне тартылған, дербес деректерге қолжетімділікті алған іскерлік серіктестері пайдаланушылардың дербес деректерін өзге үшінші тұлғаларға бермеуге және оларды жарияламауға міндеттенеді.

#### **Келісімді қайтарып алу.**

Келісім дербес деректердің субъектісімен келесі жолымен қайтарып алынуы мүмкін:

- Сайттың техникалық қолдау қызметіне хат жіберу;
- Компанияның орналасқан жерінің мекенжайы бойынша жазбаша хабарландыруды жолдау;
- заңмен немесе Саясатпен қарастырылған басқа тәсілдер арқылы.

Келісімді қайтарып алу автоматты түрде Сайтты және онымен ұсынылатын сервистерді кейін пайдалану мүмкінсіздігіне әкеп соқтырады, себебі Компания шарттардың талаптарын (соның ішінде төлемдерді қабылдау, тауарды жіберу), заңды бұзбай, орындауды жалғастыра алмайды.

Келісімді қайтарып тартқан жағдайда Компания пайдаланушының аккаунтын және осындай субъектінің алынған дербес деректерін қайтарып алу сұранысы келіп түскен күннен кейін келетін күннен бастап 7 (Жеті) күнтізбелік күн ішінде жоюға құқығы бар.

Пайдаланушымен жасалған мәмілелерде көрсетілген дербес деректер заңға сәйкес келетін мерзімі аяқталғанда заңмен белгіленген тәртіппен жойылатын болады.

Пайдаланушы Келісімді қайтарып алған жағдайда Компания дербес деректерді өңдеуді тек негіздері (мысалы, Келісімді қайтарып алу сәтіне дейін жасалған шартты орындау үшін) болған кезде ғана жалғастыруға құқылы.

### **Пайдаланушының құқықтары және міндеттері.**

Пайдаланушының құқықтары мен міндеттерінің аясы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген.

Осы Саясат Компанияның пайдаланушылармен Сайтты және оның сервистерін пайдалану барысында қалыптасқан жұмыс істеудің нақты үлгісін реттеу мақсатында нормативтік құқықтық актілердің жалпы ережелерін тек қана толықтырады.

Телефон нөмірін және электронды поштаның мекенжайын қоспағанда, пайдаланушы көрсеткен дербес деректерді тексеру үшін біздің мүмкіндігіміз жоқ, бірақ пайдаланушы анық дербес деректерін ұсынғанына сүйенеміз.

Пайдаланушы анық емес дербес деректерді көрсеткен жағдайда ол ықтимал теріс салдардың басталу тәуекелін өзі көтереді (мысалы, өзі бұрын көрсеткен дербес деректер негізінде субъект тексеруден өтпеген кезде қолжетімділікті қалпына келтіруден бас тарту, төлемді қайтару немесе тауарды беру мүмкінсіздігі).

Пайдаланушы Сайтқа және оның сервистеріне қолжетімділікті алуға арналған өзінің есептік деректерін (логин мен құпиясөз) үшінші тұлғалардан құпия етіп сақтауға міндетті. Есептік деректер үшінші тұлғаларға мәлім болған жағдайда немесе сайт пайдаланушысы – дербес деректері субъектінің аталған жағдайлардың басталуын сезу үшін негіздері болған жағдайда ол техникалық қолдау қызметіне хабарлауы тиіс.

### **Компанияның құқықтары және міндеттері.**

Дербес деректерінің операторы ретінде Компанияның құқықтары мен міндеттерінің аясы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген.

Осы Саясат Компанияның пайдаланушылармен Сайтты және оның сервистерін пайдалану барысында қалыптасқан жұмыс істеудің нақты үлгісін реттеу мақсатында нормативтік құқықтық актілердің жалпы ережелерін тек қана толықтырады.

### **Дербес деректерді өңдеу.**

Дербес деректерді өңдеу – бұл дербес деректерді жинауды, жазуды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, анықтауды (жаңарту, өзгерту), алып тастауды, пайдалануды, жіберуді (тарату, беру, қол жеткізу), иесіздендіруді, бұғаттауды, кетіруді, жоюды қоса, автоматтандыру құралдарын пайдаланып немесе осындай құралдарды пайдаланбай, дербес деректермен жасалатын кез келген әрекет (операция) немесе әрекеттердің (операциялардың) жиынтығы.

Біз дербес деректерді өңдеуді заңнаманың, осы Саясаттың және жергілікті нормативтік актілердің талаптарына сәйкес жүргіземіз.

Дербес деректерді жинау мақсаттарының негізінде Компания дербес деректерді өңдеудің міндеттерін, мерзімдерін, тәсілдері мен жағдайларын, қатысатын және жауапты тұлғалардың тізімін анықтайды.

Осындай міндеттер, мерзімдер, тәсілдер, жағдайлар, тұлғалар Компанияның жергілікті нормативтік актілерімен бекітіледі.

Компанияның жауапты тұлғалары:

- дербес деректерді, оларға заңсыз немесе кездейсоқ қолжетімділіктен, дербес деректерді жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшірмелеуден, беруден, таратудан, сондай-ақ дербес деректерге қатысты өзге де заңсыз әрекеттерден қорғауды қамтамасыз ету үшін құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар қолдануды ұйымдастырады;

- заңнаманың талаптарын орындауға ішкі бақылауды жүзеге асырады;

- дербес деректерді өңдеу, дербес деректерді қорғауға қойылатын талаптардың мәселелері жөнінде заңнама ережелерін біздің қызметкерлеріміздің назарына жеткізеді;

- өтініштер мен сұраныстарды қабылдау мен өңдеуді ұйымдастырады, осындай өтініштерді қабылдау мен өңдеуге бақылауды жүзеге асырады;

- бұзушылықтарды жою жөнінде қажетті шараларды қолданады.

### **Дербес деректерді жіберу.**

Жұмыс барысында біз дербес деректерді трансшекаралық жіберуді жасамаймыз. Бұл олардың шетел мемлекеттерге және компанияларға берілмейтінін білдіреді.

Компания пайдаланушылардың дербес деректерін ішкі және сыртқы алу мен жіберуді (тауарды сатып алған, қабылдаған, жіберген, сақтаған, жеткізген және берген, ақшасыз есеп айырысқан кезде) соның мүддесінде әрекет ететін және Компаниямен шарттық қарым-қатынаста болатын пайдаланушының контрагенттерінен (агенттерден, комиссионерлерден, сатушылардан, принципалдардан, тасымалдаушылардан және т.б.), сондай-ақ (тауарды сатып алған, қабылдаған, жіберген, сақтаған, жеткізген және берген, ақшасыз есеп айырысқан кезде) оның мүддесінде әрекет ететін Компанияның контрагенттеріне де (агенттерге, комиссионерлерге, сатушыларға, принципалдарға, тасымалдаушыларға және т.б.) айрықша түрінде осы Саясатта көрсетілген мақсаттарда ғана Сайт пайдаланушылары тапсырысқа берген тауарларды сатып алған, сапасын тексерген, сақтаған және жіберген, пайдаланушылармен есеп айырысуды жасаған кезде, жабатын құжаттарды мерзімде құрастырған кезде, даулы жағдайларды шешкен және Сайттың және оның сервистерінің сапасын бағалаған кезде және нормативтік актілерде және осы Саясатта көрсетілген басқа жағдайларда да жүзеге асырады.

### **Дербес деректерді жою.**

Дербес деректерді алып тастау, жою қолданыстағы заңнамамен және Компанияның нормативтік актілерімен қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.

Жалпы айтқанда, дербес деректерді алып тастау, жою жауапты тұлғалармен жүзеге асырылады:

- заңмен қарастырылған жағдайларда;
- пайдаланушының, мемлекеттік органның немесе соттың талабы бойынша;
- сақтау мерзімдері аяқталған кезде;
- қажеттілігі аяқталған кезде.

Дербес деректерді жою, жалпы ереже бойынша, комиссия арқылы жүргізіледі, осылайша оларды ұрлау және рұқсатсыз пайдалану мүмкіндігіне жол берілмейді.

Қағаз тасығыштарындағы құжаттарды жою мәтінді қалпына келтіру мүмкінсіздігіне кепілдік беретін құжаттарды тілімдеп ұсақтау жолымен қағаз кесетін машина көмегімен жүзеге асырылады. Дербес деректері бар, машинамен теріп жазылатын ақпарат тасығыштары – олар бар болса (ДК қатқыл дискілерді, серверлерді қоспағанда) сейфте сақталады. Қажеттілігі аяқталған кезде машинамен теріп жазылатын ақпарат тасығыштары оларды қалпына келтіру және кейін пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу мақсатында физикалық түрінде жойылады. Бұған тасығыштың пішінін өзгерту, тасығыштың бірыңғай тұтастылығын бұзу немесе оны жандыру жолымен қол жеткізіледі.

ДК, сервердің қатқыл дискісінде орналасқан, жойылуы тиіс файлдар кейін «себетті тазартумен» бірге операциялық жүйенің құралдарымен жойылады.

### **Дербес деректерді қорғау. Ықтимал зиянді бағалау.**

Дербес деректерді қорғау мақсатында біз нормативтік актілерде жазылған шараларды және тәсілдерді қолданамыз. Дербес деректердің қорғау қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Саясатта қауіпсіздік сызбаларының нақты алгоритмдері көрсетілмей, тек қана жалпы шешімдері жазылады.

Дербес деректердің қауіпсіздігіне өзекті қатерлерді және қолданылатын ақпараттық технологияларды ескере отырып, дербес деректерді қорғау жүйесінің шеңберінде іске асырылатын, дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде қолданылатын шешімдердің көлеміне (оларды қоса, бірақ шектелмей):

• қолжетімділік субъектілерін және қолжетімділік объектілерін сәйкестендіру және анықтап тану кіреді;

- қолжетімділік объектілеріне қолжетімділік субъектілерінің қолжетімділігін басқару;
- бағдарлама ортасын шектеу;
- дербес деректер сақталатын және (немесе) өңделетін машиналық ақпарат тасығыштарын қорғау;
- қауіпсіздік оқиғаларын тіркеу;
- вирусқа қарсы қорғаныс;
- күшпен кіруді анықтау (алдын алу);
- дербес деректердің қорғалғанын бақылау (талдау);
- ақпарат жүйесінің және дербес деректердің тұтастылығын қамтамасыз ету;
- дербес деректердің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- виртуалдау ортасын қорғау;
- техникалық құралдарды қорғау;
- ақпарат жүйесін, оның құралдарын, байланысу және деректерді жіберу жүйелерін қорғау;

- ақпарат жүйесі жұмысының іркілістеріне немесе бұзылуына және (немесе) дербес деректердің қауіпсіздігіне қатердің (бұдан әрі – соқтығыстар) туындауына әкеп соқтыруы мүмкін соқтығыстарды (бір оқиғаны немесе бір топ оқиғаларды) анықтау және оларға әрекет ету;

- ақпарат жүйесінің және дербес деректерді қорғау жүйесінің конфигурациясын басқару.

Біз қолданылатын шешімдерге мерзімді аудит жүргіземіз және оларды өзектендіреміз. Компания «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңының талаптарын бұзған жағдайда пайдаланушыларға келтірілуі мүмкін зиянды бағалау Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес белгіленеді.

Көрсетілген зиянның және оның алдын алуына, оны болдырмауға және/немесе оның салдарын жоюға бағытталған, біз қолданатын шаралардың арақатынасы осы Саясатпен және Компанияның өзге де жергілікті нормативтік актілерімен белгіленген. Осы Саясаттың мақсаттары үшін зиян деп, бұл кім болса да қауіпсіздік сәулетін бұзған жағдайда нақты түрінде келтірілуі мүмкін пайдаланушының немесе Компанияның ақылақтық зиянын және/немесе материалдық залалын түсіну керек.

Зиян мөлшері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес анықталады.

Зиянды болдырмау дегеніміз құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралардың жиынтығын білдіреді. Құқықтық шаралар зиянды болдырмау, жергілікті актілерді әзірлеу және оларды Компания қызметінің осы саласында қолдану мәселелері жөнінде заңнаманы зерттеу мен қолдануды құрайды.

Ұйымдастырушылық шаралар кадрларды мұқият іріктеу, оқыту мен орналастыруды, зиянды болдырмау мәселелерінде олардың уәждемесін арттыруды қамтиды.

Техникалық шаралар зиянды болдырмау жөніндегі жағдайларды жасауды және іс-шараларды іске асыруды біріктіреді, соның ішінде:

- оператордың меншігін, соның ішінде материалдық ақпарат тасығыштарын тиісті қауіпсіздік режимдерін орнату және қолдау жолымен сақтау;

- дербес деректерді өңдеу мен сақтау үшін арнайы орынжайларды бөлу жолымен Компанияның құпиялылық ақпаратының, соның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпараттың уәкілетті емес тұлғаларға түсуін болдырмау;

- Компанияның ақпараттық қауіпсіздігін, дербес деректерді өңдеудің техникалық құралдарының үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

- Компанияның теңгерімінде болатын объектілерді физикалық түрінде қорғауды объект ішіндегі және өткізу режимдерін орнату жолымен қамтамасыз ету;

- Компанияның қызметкерлерін олар өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде физикалық түрінде қорғауды, біздің қызметкерлеріміз арасындағы ыңғайлы ақылақтық-психологиялық ахуалды және іскерлік ынтымақтастықты қамтамасыз ету;

- дербес деректерге рұқсатсыз қолжетімділік нәтижесінде түрлендірілген немесе жойылған дербес деректерді дереу қалпына келтіру;

- дербес деректердің қорғалғандық деңгейінің қамтамасыз етуін тұрақты бақылау.

Зиянды болдырмау мақсатында біз дербес деректерді өңдеу үшін жауапты тұлғаларды тағайындаймыз.

### **Дербес деректер болып табылмайтын ақпаратты жинау және пайдалану.**

Сайт және оның сервистері, интерактивті қызметтер мен қолданбалар, электронды поштаның хабарламалары және Компания тарапынан басқа да коммуникациялар cookies сәйкестендіру файлдарын және пиксельді белгішелер (pixel tags), веб-маяктар (web beacons) секілді басқа да технологияларды пайдалануы мүмкін. Осындай технологиялар Сайттың және оның сервистер пайдаланушыларының мінез-құлқын, атап айтқанда, пайдаланушылар Сайттың және оның сервистерінің қандай бөлімдеріне барғанын және жарнама мен желі іздеулерінің тиімділігін түсінуге көмектеседі.

Біз cookies файлдарымен және басқа да технологиялармен жиналатын ақпаратты дербес болып табылмайтын ақпарат ретінде қарастырамыз.

Сервис деңгейін арттыру соңғы мақсаты болатын Сайттың және оның сервистердің пайдаланушысымен аса ыңғайлы және дербес өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету көрсетілген жағдайларда біздің мақсатымыз болып табылады. Пайдаланушы cookies файлдарын пайдаланылатын веб-браузердің немесе мобильді құрылғының теңшелімдерінде сөндіре алады.

Веб-сайттың кейбір функциялары cookies файлдарын сөндіргеннен кейін қолжетімсіз болу мүмкіндігін ескерту керек. Техникалық сипаттағы кейбір ақпарат автоматты түрде жиналады және статистика файлдарында сақталады. Осындай ақпарат келесіні қамтиды, бірақ онымен шектелмейді: Интернет-хаттамасының мекенжайы (IP-мекенжайы), браузердің түрі мен тілі, Интернет-қызметтерінің жеткізушісі туралы ақпарат, сілтеме жасау және шығу беттері, операциялық жүйе туралы мәліметтер, күн мен уақыт белгісі, сондай-ақ барып қарағаны туралы мәліметтер. Көрсетілген ақпаратты біз үрдістерді түсіну мен

талдау, Сайтты әкімшілендіру, пайдаланушылардың сайттағы мінез-құлқын зерттеу және біздің негізгі пайдаланушылардың контингенті туралы демографиялық ақпаратты жинау үшін жалпы пайдаланамыз.

Осындай ақпаратты өзіміздің маркетинг мақсаттарымызда пайдалануға құқығымыз бар. Электронды пошта бойынша жіберілетін кейбір хабарламаларда Компанияның сайтында орналастырылған ақпаратқа берілетін интерактивті сілтемелер пайдаланылады. Пайдаланушылар осындай сілтемелер бойынша өткен кезде олар біздің веб-сайттағы арнаулы бетке түсер алдында олардың сұраныстары жеке тіркеуден өтеді. Сайттың және оның сервистер пайдаланушыларының жеке тақырыптарға қызығушылығын анықтау және тұтынушылармен біздің қатынастарымыздың тиімділігін өлшеу үшін Компания осындай «өтетін» деректерді бақылайды.

Пайдаланушы оның сұраныстары осындай түрінде байқалмауын қалаған жағдайда ол электронды поштаның хабарламаларында мәтіндік немесе графикалық сілтемелер бойынша өтпеуі тиіс. Пиксельді белгішелер бізге электронды поштаның хабарламаларын тұтынушылар оқитын пішімінде жіберуге мүмкіндік береді және осындай хабарламалардың оқылғанын хабарлайды. Компанияның осындай ақпаратты тұтынушыларға жолданатын хабарламалардың санын шектеу немесе олардың жолдауын тоқтату үшін пайдалануға құқығы бар.

### **Жарнама сипатындағы ақпаратты алу. Жарнама алудан бас тарту.**

Біздің Сайтымыздың беттерінде алуан түрлі жарнама материалдарын орналастыруға құқығымыз бар. Сайттың және оның сервистердің Пайдаланушысы көрсетілген ұсыныстармен танысқысы келмеген жағдайда ол орналастырылған мәтіндік немесе графикалық сілтемелер бойынша өтпеуі тиіс. Қалаған кезде Пайдаланушыға біз немесе Сайттың басқа да пайдаланушылары жүргізетін коммерциялық ұсыныстары туралы электронды пошта немесе СМС-хабарламалары арқылы хабарлауға болады.

Осы мақсатта Келісімді толтырған сәтте пайдаланушы оны алу үшін қалаған тәсілдерді көрсетіп, жарнама жөнелтімін алуға арналған өз қалауын растайды.

Пайдаланушының келесі түрінде осындай жөнелтімнен толықтай немесе бір бөлігінде бас тарту құқығы бар:

- Сайттың техникалық қолдау қызметіне хат жіберу;
- Компанияның орналасқан жерінің мекенжайы бойынша жазбаша хабарландыруды жолдау;
- заңмен немесе Саясатпен қарастырылған басқа тәсілдер арқылы.

Ақпараттық жөнелтімдерден бас тарту пайдаланушы үшін ешқандай теріс салдарын тартпайды.

Көрсетілген жағдайда біз пайдаланушымен көрсетілген байланыс тәсілдерін ақпараттық жөнелтімнен алып тастауға бағытталған шараларды қолданамыз. Кейбір жағдайларда бұл белгілі бір уақытты талап етеді (атап айтқанда, жарнама хабарламаларын жіберу қызметтері үшінші тұлғалармен ұсынылатын сервистер арқылы жүзеге асырылған жағдайда) және осындай жағдайда бас тарту туралы хабарландыруды жолдаған күннен бастап 30 күнтізбелік күн өткенге дейін жарнама хабарламаларын алу ықтималдылығына байланысты пайдаланушының Компанияға деген наразылықтары болмайды.

### **Қорытынды ережелер.**

Нормативтік актілердің және осы Саясаттың талаптарын бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар заңмен белгіленген тәртіппен жауапкершілікті көтереді.

Қызмет көрсету сапасын бақылау мақсатында біздің телефон әңгімелерін жазуға құқығымыз бар.

Компанияның осы Саясатқа өзгертулерді/толықтыруларды бір жақ тәртіппен енгізу құқығы бар. Енгізілген өзгертулер/толықтырулар өз күшіне ену үшін біз осындай мәліметтерді Сайтта алдын ала жариялау рәсімін орындаймыз, оларды жариялау күнінен бастап 10 күнтізбелік күн аяқталғаннан кейін олар өз күшіне енеді және қандай да болса қосымша келісімдерге қол қоюды талап етпейді.

Арнайы ереже:

- заңнамалық және нормативтік реттеудің өзгеруіне байланысты Саясатқа енгізілетін өзгертулер/толықтырулар және ілеспе құжаттар өз күшіне жариялаған сәтте дереу енеді немесе көрсетілген актілерде өзгертулер өз күшіне енген кезде қатар енеді;

- Сайтпен және оның сервистерімен орындалатын функцияларды қосуға, құжаттар құрамы мен құрылымының, терминологияның өзгеруіне байланысты және басқа да ұқсас жағдайларда Саясатқа енгізілетін өзгертулер/толықтырулар және ілеспе құжаттар осындай өзгертулерді/толықтыруларды Сайтта жариялағаннан кейін онда көрсетілген күннен бастап өз күшіне енеді;

- Саясаттың кез келген өзгертулері/толықтырулары, жоғарыда жазылған рәсімдерді орындай отырып, өз күшіне енген сәттен бастап Сайтты және оның сервистерін өзгертулер/толықтырулар өз күшіне енген күннен бұрын пайдаланатын барлық тұлғаларға таралады.

### **Дербес деректерді өңдеу үшін келісім.**

Мен, өз еркімен және өз мүддемде менің дербес деректерімді – тегім, атым, әкемнің атын, туған күнімді, мекенжайымды, байланыс телефон нөмірімді, электронды пошта мекенжайын, менің төлеу деректемелерімді өңдеу, соның ішінде жинау, жүйелеу, жинақтау, сақтау (айқындау, жаңарту, өзгерту), алып тастау, пайдалану, үшінші тұлғаларға жіберу, иесіздендіру, бұғаттау және жою үшін өз келісімімді «ЮНИОН РИТЕЙЛ» ЖШС-не (БСН 220340031085 СТН 600700882304), қызмет бабына орай дербес деректерді өңдеуді жүзеге асыратын оның қызметкерлеріне, сондай-ақ (осыған қоса, бірақ онымен шектелмей, тауарды сатып алған, қабылдаған, жіберген, сақтаған, жеткізген және берген, ақшасыз есеп айырысқан кезде) менің мүддемде әрекет ететін «ЮНИОН РИТЕЙЛ» ЖШС-нің (БСН 220340031085 СТН 600700882304) контрагенттеріне (агенттерге, тасымалдаушыларға және сондайларға) маған тауарларды және қызметтерді (өнімдерді) ұсыну мақсатында осыған әртүрлі бағдарламалардың қатысушысын сәйкестендіру, бонустарды (бар болғанда) есептеу, есепке алу және шығынға шығару рәсімін қоса, бірақ онымен шектелмей, автоматтандыру құралдарын пайдаланып немесе осындай құралдарды пайдаланбай, дербес деректермен жасалатын кез келген әрекеттерді (операцияларды) немесе әрекеттердің (операциялардың) жиынтығын жасау үшін, жеткізілімді жүргізу, сервис қызметтерін көрсету, ақпараттық және жарнама хабарламаларын (СМС электронды пошта, телефон, басқа байланыс құралдары бойынша) тарату үшін, менің аккаунтымды (логині мен құпиясөзі бар есептік жазбамды) Сайтта бүкіл қолдану мерзімінде кері байланыс алу үшін, сондай-ақ Сайтты және оның сервистерін пайдаланып мен жасаған шарттарда көрсетілген, ҚР заңнамасымен белгіленген мерзімдер ішінде менің деректерімге қатысты, менің дербес деректерімді пайдаланып төлемдерді жасаған, көрсетілген шарттарды орындау мақсатында мен тапсырысқа берген тауарларды берген және алған кезде құрастырылған бастапқы құжаттарға қатысты өңдеуге беремін.

Мен дербес деректерімді және маған қатысты басқа да мәліметтерді (тегі, аты, әкемнің аты, туған күні, төлқұжат деректері, мекенжайы, байланыс телефон нөмірі, электронды пошта мекенжайы, төлеу деректемелері) оларды сайтқа тіркеу кезінде енгізу жолымен Компанияға ерікті бергенімді және олар дұрыс болғанын растаймын.

Менің берген дербес деректерім және мәліметтерім дұрыс болмаған жағдайда Компания [lime-shop.com/kz\\_ru](http://lime-shop.com/kz_ru) сайты арқылы қызмет көрсетуді тоқтату құқығын өзіне қалдыратыны туралы маған хабарланған.

Мен, менің дербес деректерімді айрықша түрінде автоматтандырылған өңдеу негізінде шешім қабылдау мүмкіндігінсіз, менің дербес деректерім дербес деректерді өңдеу мақсаттарына сәйкес келетін тәсілдермен өңделетінімен келісемін.

Келісімді мен [lime-shop.com/kz\\_ru](http://lime-shop.com/kz_ru) сайтында тіркелген сәттен бастап 10 жылға беремін және осы Келісімді мен келесі жолымен қайтарып алу мүмкіндігі туралы маған хабар берілген:

- Сайтта көрсетілген электронды пошта мекенжайы бойынша Сайттағы өзімнің аккаунтымнан Сайттың техникалық қолдау қызметін хат жазу;

- Компанияның орналасқан жерінің мекенжайы бойынша жазбаша хабарландыруды жолдау;

- сол уақыттағы заңмен немесе Саясатпен қарастырылған басқа тәсілдер арқылы.

Мен Сайтта Компания атынан сатып өткізуге ұсынылатын тауарларға қатысты қолданыстағы коммерциялық ұсыныстар туралы жарнама жөнелтімін келесі арқылы алуды қалаймын:

СМС-хабарландыру: «Иә»;

Электронды поштаға хабарламаларды жөнелту: «Иә».

Маған жөнелтімді алудан келесі жолымен бас тарту мүмкіндігінің болғаны туралы хабарланған:

- Сайтта көрсетілген электронды пошта мекенжайы бойынша Сайттағы өзімнің аккаунтымнан Сайттың техникалық қолдау қызметін хат жазу;

- Компанияның орналасқан жерінің мекенжайы бойынша жазбаша хабарлама жолдау.